



Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 шілдеде № 33166 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20122 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 235-15) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Е. Оспан

*Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 21 шілдедегі
№ 224 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
1-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

Ескерту. 1-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 29.05.2024 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.12.2024 № 356 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдардың атауы	Штат бірліктерінің саны (топтардың санына қарай)				
	1-3	4-5	6-7	8-9	10 және одан көбі
Меңгеруші	1	1	1	1	1
Педагог-психолог	0,5	0,5	1	1	1
Әдіскер	0,5	0,5	1	1	1
Меңгерушінің шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасары	—	—	—	—	1
Шаруашылық меңгерушісі	0,5	1	1	1	-
Медбике	0,5	1	1	1,5	1,5
Емдәмбике	-	-	0,5	0,5	0,5
Бухгалтер	0,5	0,5	1	1	1,5
Хатшы	-	-	0,5	0,5	1
Бас аспаз	-	-	-	-	1
Аспаз	1,5	2	3	3	2
Көмекші жұмысшы	0,5	0,5	1	1	2
Қоймашы	-	-	-	-	1
Кастелянша	0,5	0,5	0,5	1	1
Ғимараттарда кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	1	1,5	1,5	2

Кір жуу машиналарының операторы	1	1	1	2	3
Күзетші	3	3	3	3	3

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының бір тобына есептелген тәрбиешілер мен тәрбиешілер көмекшілерінің штат бірліктері

Лауазымдардың атауы	6 күндік жұмыс аптасы кезінде балалардың болуы (сағат)				5 күндік жұмыс аптасы кезінде балалардың болуы (сағат)		
	9	10	12	24	9	10,5	12
Бөбекжай топтары							
Тәрбиеші	2,25	2,5	3	5,5	2,0	2,25	2,5
Тәрбиешінің көмекшісі	1,3	1,5	1,75	2,75	1,1	1,3	1,5
Мектепке дейінгі топтар							
Тәрбиеші	2,25	2,5	3	3,5	2,02	2,25	2,5
Тәрбиешінің көмекшісі	1	1,25	1,5	1,5	1	1,15	1,25

Ескертпелер:

1. Интернаттық үлгідегі санаторийлік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешілері мен тәрбиешілер көмекшілерінің штат бірліктері (туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, қант диабетімен ауыратын, әлжуаз және жиі ауыратын балалар үшін) демалыс және мереке күндеріндегі жұмысын есептегенде балалар тәулік бойы болатын мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен тәрбиешілер көмекшілерінің штат бірліктеріне сәйкес белгіленеді.

2. Тәрбиеленушілерді дамытудың басым бағыты бар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында мынадай:

әдіскер, бір бірліктен артық емес;

төрт жастағы және одан да ересек балалардың әр тобына лауазымның 0,25 штат бірлігі бойынша балаларды бейінді оқыту жөніндегі педагогтер лауазымының штат бірліктері белгіленеді.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы музыка жетекшілері лауазымының штат бірліктері 2 жастағы және одан ересек балалардың әрбір тобына лауазымның 0,25 штат бірлігі есебінен белгіленеді.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы қазақ тілі педагогінің штат бірліктері 3 жастағы және одан да ересек балалардың әрбір тобына лауазымның 0,25 штат бірлігі есебінен белгіленеді.

5. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында және осындай балалар үшін арнайы топтар құрылған

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында әрбір топқа лауазымның бір штат бірлігі сурдопедагог лауазымы қосымша белгіленеді.

6. Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында және сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін арнайы топтар құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында логопед және дефектолог мұғалім лауазымының штат бірліктері қосымша белгіленеді.

7. Әр түрлі тілде оқыту және тәрбиелеу қатар жүргізілетін эксперименттік режимде жұмыс істейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында әдіскерлердің лауазымының штат бірліктері топтардың санына қарай, әрбір топқа лауазымның 0,25 штат бірлігі есебінен еңбекақы төлеу қоры шегінде тілдік оқыту және тәрбие берудің әрбір түрі үшін жеке белгіленеді.

8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында дене тәрбиесі залы болған жағдайда 3 және одан ересек жастағы балалардың әрбір тобы үшін лауазымның 0,25 бірлігі есебінде дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді.

9. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында және осындай балалар үшін арнайы топтар құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында әрбір топқа лауазымның бір штат бірлігі тифлопедагог және әрбір 3 топқа лауазымның 0,5 штат бірлігі есебінен медициналық аппаратураны жөндеу жөніндегі техник лауазымдарының штат бірліктері белгіленеді.

10. Балалардың дене мен психикалық денсаулығын сақтау әрі нығайту жөніндегі міндеттерді орындайтын және физиотерапия кабинеттері бар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында дәрігер лауазымының 1 штат бірлігі көзделеді.

11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында компьютерлік және ұйымдастыру техникасы болған кезде осы техникаға қызмет көрсету жөніндегі маманның лауазымдық штат бірлігі қосымша белгіленеді.

12. Гуманитарлық-эстетикалық бейіндегі жұмыс бағыты бар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-аналар мен балалардың қазіргі заманға сай талаптары ескеріле отырып, хореограф, эстетика, бейнелеу өнері жөніндегі педагогтер лауазымдарының және басқа да лауазымдардың штат бірліктері қосымша көзделуі мүмкін.

13. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

14. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы топтар құрылмаған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында:

мүмкіндігі шектеулі бір бала болған кезде лауазымның 0,5 штат бірлігі,

мүмкіндігі шектеулі 12-14 балаға 1 лауазым штат бірлігі есебінен арнайы педагог (дефектолог-мұғалімі, дефектолог, логопед-мұғалімі, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

Штат бірліктерін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады.

15. Зияты зақымдалған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында және осындай балалар үшін арнайы топтар құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында әрбір топқа дефектолог-мұғалімі (дефектолог, олигофренопедагог), логопед лауазымының бір штат бірлігі белгіленеді.

Штат бірліктерін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады.

16. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында және осындай балалар үшін арнайы топтар құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында әрбір топқа дефектолог-мұғалімі (дефектолог, олигофренопедагог), логопед, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы лауазымының бір штат бірлігі белгіленеді.

Штат бірліктерін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады.

2-тарау. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

Ескерту. 2-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 29.05.2024 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.12.2024 № 356 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Мектеп-балабақша" кешендері

Лауазымдардың атауы	Сынып жинақтауыштары мен топтардың саны				
	2-3	4-6	7-9	10-14	15 жас
Директор	1	1	1	1	1
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	0,5	0,5	1	1	1
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	0,5	0,5	1	1	1

Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	-	-	-	-	1
Шаруашылық меңгерушісі	0,5	0,5	1	1	1
Медбике	0,5	1	1	1,5	2
Емдәмбике	-	-	0,5	0,5	1
Кіші медициналық персонал	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5
Педагог-психолог	0,5	0,5	0,5	1	1
Әдіскер	0,5	0,5	1	1	1
Аға вожатый	-	0,5	1	1	1
Кітапханашы	0,5	1	1	1	1
Бас бухгалтер	-	-	-	-	1
Бухгалтер	0,5	0,5	1	1	1
Іс қағаздарын жүргізуші	0,5	0,5	1	1	1
Хатшы	-	-	1	1	1
Қоймашы	-	-	-	1	1
Кастелянша	0,5	0,5	0,5	1	1
Бас аспаз	-	-	-	1	1
Аспаз	1,5	2	2	2	3
Асүй жұмысшысы	0,5	0,5	1	1	2
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	1	1	2	2
Күзетші	3	3	3	3	3
Әрбір ғимаратқа вахтер	1	1	1	1	1

Ескертпелер:

1. Бір топтың тәрбиешілері мен тәрбиешілерінің көмекшілері лауазымының штат бірліктері тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшісінің топтағы бір мезгілдегі жұмысы ескеріле отырып, топтың жұмыс режиміне және аптасына белгіленген сағат нормасына қарай белгіленеді.

2. Түнгі кезектегі тәрбиешілерінің көмекшілері лауазымының штат бірліктері екі топқа бір штат бірлігі есебінен белгіленеді. Тәулік бойы жұмыс істейтін бір немесе тақ санды, сондай-ақ топтарға оқшауланған есігі бар ұйымдарда екі топқа бірдей есептелген тәрбиешілер көмекшілерінің штат бірліктері жеке топқа да қолданылуы мүмкін.

3. "Мектеп-балабақша" кешендерінің бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

4. "Мектеп-балабақша" кешендерінде мүмкіндігі шектеулі бір бала болған кезде лауазымның 0,5 штат бірлігі, мүмкіндігі шектеулі 12-14 балаға лауазымның 1 штат бірлігі есебінен арнайы педагог (дефектолог-мұғалімі, дефектолог, логопед-мұғалімі, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

Штат бірліктерін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады.

Жалпы білім беретін мектептер

Лауазымдардың атауы	Мектеп алдындағы дайындықты қоса алғандағы сыныптар (сынып жинақтауыштарының) саны					
	6-ға дейін	6-10	11-13	14-16	17-20	21-29
Директор	1	1	1	1	1	1
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	-	0,5	1	1	1	1,5
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	-	0,5	1	1	1	1,5
Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	-	-	-	-	1	1
Шаруашылық меңгерушісі	1	1	1	1	-	-
Бас бухгалтер	-	-	-	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1	1	1	1
Педагог-психолог	0,5	1	1	1	1	1,5
Аға вожатый	0,5	0,5	0,5	1	1	1
Кіші медициналық қызметші	-	-	-	0,5	0,5	0,5
Кітапхана меңгерушісі	-	-	-	1	1	1
Кітапханашы	-	0,5	0,5	-	-	-
Іс қағаздарын жүргізуші	0,5	0,5	0,5	1	1	1

Хатшы	-	-	-	1	1	1
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	1	1	1	1,5	2
Күзетші	3	3	3	3	3	3
Әрбір ғимаратқа вахтер	1	1	2	2	2	2

Ескертпе:

Бастауыш мектептерде директордың лауазымы 8 және одан көп сынып жинақтауыштары әрі оқушылар саны 240-тан кем болмаған жағдайда белгіленеді.

Жалпы білім беретін мектептердің бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

Жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі бір бала болған кезде лауазымның 0,5 штат бірлігі, мүмкіндігі шектеулі 12-14 балаға лауазымның 1 штат бірлігі есебінен арнайы педагог (дефектолог-мұғалімі, дефектолог, логопед-мұғалімі, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

Штат бірліктерін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады.

Лицейлер, гимназиялар (мектеп-лицейлер, мектеп-гимназиялар), эксперименттік алаңдар

Лауазымдардың атауы	Мектепке дейінгі дайындықты қоса алғанда сынып жинақтауыш санына қарай штат бірліктерінің					
	6-ға дейін	6-10	11-13	14-16	17-20	21-29
Директор	1	1	1	1	1	1
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	-	0,5	1	1	1	1,5
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	-	0,5	1	1	1	1
Директордың бейін бойынша оқыту жөніндегі орынбасары	1	1	1	1	1	1
Директордың шаруашылық жұмысы	-	-	-	-	1	1

жөніндегі орынбасары						
Шаруашылық меңгерушісі	1	1	1	1	-	-
Бас бухгалтер	-	-	-	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1	1	1	1
Менеджер	1	1	1	1	1	1
Педагог-психолог	0,5	1	1	1	1	1,5
Аға вожатый	0,5	0,5	0,5	1	1	1
Кіші медициналық қызметші	-	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5
Кітапхана меңгерушісі	-	-	-	1	1	1
Кітапханашы	-	0,5	0,5	-	-	-
Іс қағаздарын жүргізуші	0,5	0,5	0,5	1	1	1
Хатшы	-	-	-	1	1	1
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	1	1	1	2	2
Күзетші	3	3	3	3	3	3
Вахтер, әрбір ғимаратқа	1	1	2	2	2	2

Ескертпе:

Лицейлердің, гимназиялардың (мектеп-лицейлер, мектеп-гимназиялар), эксперименттік алаңдардың бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

Лицейлер, гимназиялар (мектеп-лицейлер, мектеп-гимназиялар), эксперименттік алаңдарда мүмкіндігі шектеулі бір бала болған кезде лауазымның 0,5 штат бірлігі, мүмкіндігі шектеулі 12-14 балаға лауазымның 1 штат бірлігі есебінен арнайы педагог (дефектолог-мұғалімі, дефектолог, логопед-мұғалімі, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

Штат бірліктерін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады.

Жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мамандандырылған мектеп-интернаттар, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар және әскери мектеп-интернаттар

Лауазымдардың атауы	Сынып жинақтауыштың санына қарай штат бірліктерінің саны			
	10-ға дейін	10-20	21-30	31 және одан
Директор (бастық)	1	1	1	1
Директордың (бастықтың) оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	0,5	1	1,5	2
Директордың (бастықтың) тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	0,5	1	1	2
Директордың (бастықтың) бейін бойынша оқыту жөніндегі орынбасары	1	1	1	1
Директордың (бастықтың) шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	-	1	1	1
Интернат меңгерушісі	1	1	1	1
Шаруашылық қойма меңгерушісі	1	1	1	1
Бас бухгалтер	-	1	1	1
Бухгалтер	2	2	3	3
Менеджер	1	1	1	1
Педагог-психолог	1	1	1,5	2
Дәрігер-педиатр	1	1,5	1,5	2
Медициналық бике	1	1	1,5	1,5
Емдәмбике	1	1	1	1
Кіші медициналық персонал	1	1	1	1
Кадр мәселелері жөніндегі инспектор	1	1	1	1
Кітапхана меңгерушісі	-	1	1	1
Кітапханашы	1	1	1	1
Іс қағаздарын жүргізуші	0,5	1	1	1
Оқу бөлімінің хатшысы	1	1	1	1
Хатшы	-	1	1	1
Мұрағатшы	1	1	1	1
Комендант, әрбір ғимаратқа	1	1	1	1
Қоймашы	1	1	1	1
Кастелянша	1	1	1	1
Экспедитор	1	1	1	1
Бас аспаз	1	1	1	1
Кір жуу машиналарының операторы	1	2	2	3
Аяқ киімші	1	1	1	1
Киім бүтіндеу жөніндегі тігінші	1	1	1	1

Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	2	2	2
Шаштараз	1	1	1	1,5
Күзетші, әрбір ғимаратқа	3	3	3	3
Вахтер, әрбір ғимаратқа	2	2	2	2
Жүк тасушы	1	1	1	1

Ескертпелер:

1. Тәрбиеленушілердің саны 1-7 сыныптардағы тәрбиеленушілердің әрбір тобына 2 бірліктен және 8-11 сыныптардағы тәрбиеленушілердің әрбір тобына түнгі уақыттағы, демалыс, мереке күндері мен демалыс кезеңінде тәрбиешілерді алмастыруды қоса алғанда, бір топқа бір бірліктен белгіленеді.

2. Жатақхана (интернат) бойынша кезекші немесе тәрбиеші көмекшісі лауазымының штат бірліктері әрбір жатын корпусқа жұмыстың ауысымдық режимі ескеріле отырып белгіленеді.

3. Аспаз бен ас үйдің көмекші жұмысшылары лауазымының штат бірліктері оқушылар санына қарай әрбір 60 балаға бір штат бірлігі есебінен енгізіледі.

4. Әскери мектеп-интернаттарда әскери-жаттығу жұмыстарын жүргізу үшін тир меңгерушісі мен қару қоймасы меңгерушісінің штат бірліктері қосымша енгізіледі.

5. Жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мамандандырылған мектеп-интернаттар, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар және әскери мектеп-интернаттардың бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

Жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттар

Лауазымдардың атауы	Тәрбиеленушілердің топтар санына қарай штат бірліктерінің саны		
	10-ға дейін	10-15	16 және одан да көп
Директор	1	1	1
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1
Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1
Педагог-психолог	1	1	1
Аға вожатый	1	1	1
Дәрігер	1	1	1
Тәулік бойы кезекші медбике	4	4	4
Кіші медициналық персонал	0,5	0,5	0,5

Кітапхана меңгерушісі	-	1	1
Кітапханашы	0,5	0,5	1
Бас бухгалтер	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1
Іс қағаздарын жүргізуші (хатшы)	1	1	1
Бас аспаз	1	1	1
Аспаз	2	2	2
Асүй жұмысшысы	1	2	2
Қоймашы	1	1	1
Кастелянша	1	1	1
Экспедитор	1	1	1
Аяқ киімші	1	1	1
Киім мен ішкіім жөніндегі тігінші	1	1	1
Кір жуу машиналарының операторы	2	2	3
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	1	2
Күзетші	3	3	3
Вахтер, әрбір ғимаратқа	1	1	1
Жүкші	1	1	1

Ескертпелер:

1. Тәрбиешілердің саны демалыс, мереке күндері және демалыс кезеңінде тәрбиешілерді алмастыруды қоса алғанда, 1-7 сыныптардағы тәрбиеленушілердің әрбір тобына 2 бірлік және 8-11 сыныптардағы тәрбиеленушілердің бір тобына 1 бірлік есебінен белгіленеді.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 100-ге дейін тәрбиеленушілері бар мектеп-интернаттарда тәрбиеші лауазымының 1 штат бірлігі қосымша белгіленеді, ал 100-ден астам тәрбиеленушілері бар мектеп-интернаттарда әрбір 50 тәрбиеленушіге тәрбиеші лауазымының 0,5 штат бірлігі қосымша белгіленеді.

2. Санаторийлік үлгідегі туберкулез мектеп-интернаттарында дәрігерлер мен медбикелердің штат бірліктері осы интернаттарда оқитын әрбір 100 оқушыға бір дәрігер мен екі медбике бірлігі есебінен белгіленеді.

3. Жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттардың бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

4. Жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарда мүмкіндігі шектеулі бір бала болған кезде лауазымның 0,5 штат бірлігі, мүмкіндігі шектеулі 12-14 балаға лауазымның 1 штат бірлігі есебінен арнайы педагог (дефектолог-

мұғалімі, дефектолог, логопед-мұғалімі, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

Штат бірліктерін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады.

Өнер мектептері, колледждері (училищелері) жанындағы интернаттар

Лауазымдардың атауы	Тәрбиеленушілердің саны					
	25-ке дейін	25-50	50-100	101-120	121-160	160 және одан да көп
Интернат меңгерушісі	-	-	1	1	1	1
Бас аспаз	1	1,5	1,5	1,5	2	2
Аспаз	0,5	0,5	0,5	1	1	1
Асүй жұмысшысы	0,5	1	1	1	1,5	2
Кастелянша	-	-	-	1	1	1
Кір жуатын машиналарының операторы	0,5	1	1,5	1,5	2	2
Тәрбиешінің көмекшісі	2	2	2	2	2	2
Шаруашылық меңгерушісі	0,5	1	1	1	1	1
Медбике	0,5	0,5	0,5	1	1	1

Ескертпелер:

Жалпы білім беретін мектептер жанындағы интернаттарда кемінде 25 адамнан тұратын топқа бір тәрбиеші лауазымының штат бірлігі, бірақ интернатқа кемінде 1,5 бірлік есебінен белгіленеді.

Интернатта 2 немесе одан да көп жатын корпусы болған жағдайда тәрбиешілер көмекшілерінің штат бірліктері осы корпуста тұратын тәрбиеленушілердің санына қарай белгіленеді.

Саны 100-ден астам тәрбиеленуші тұратын интернатта жатын корпустың әр қабатына 2 штат бірлігі есебінен тәрбиеші көмекшісінің лауазымы белгіленеді.

Интернаттардағы ғимараттарға, құрылыстар мен жабдықтарға қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы лауазымының штат бірлігі жалпы білім беретін мектепте көрсетілген лауазым болмаған кезде енгізіледі.

Мектеп жанындағы интернаттардың бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

3-тарау. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

Ескерту. 3-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 29.05.2024 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары

Лауазымдардың атауы	Білім алушылардың санына қарай штат бірліктерінің саны				
	280-ге дейін	281-560	561-840	841-1120	1121
1	2	3	4	5	6
Директор	1	1	1	1	1
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1	1	2
Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1	1	1
Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1	1	1
Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	-	1	1	1	1
Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары	-	-	1	1	1
Кадрлар бөлімінің меңгерушісі	-	1	1	1	1
Кадрлар жөніндегі (арнайы жұмыс бойынша) инспектор	1	1	1	1	1
Аға шебер	1	1	1	2	2
Бастауыш әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы	1	1	1	1	1
Педагог-психолог	1	1	1	1	2
Әдіскер	1	1	1	2	2
Медициналық бике (фельдшер)	1	1	1	2	2
Бас бухгалтер	1	1	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1	2	2
Оқу бөлімінің хатшысы	-	1	1	1	1
Хатшы (ісқағаздарын жүргізуші)	1	1	1	1	1
Кітапхана меңгерушісі	-	-	1	1	1
Кітапханашы	1	1	1	1	2
Жатақхана	1	1	1	1	1

меңгерушісі					
Паспортшы (жатақхана бар болғанда)	0,5	0,5	1	1	1
Шаруашылық (қойма) меңгерушісі	1	1	1	1	1
Қоймашы	-	1	1	1	1
Комендант (әрбір ғимаратқа)	1	1	1	1	1
Бас аспаз	1	1	1	1	1
Аспаз	2	2	2	3	4
Ас үй жұмысшысы	1	1	1	2	2
Экспедитор	1	1	1	1	1
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	1	1	2	2
Кір жуу машиналарының операторы	1	1	1	2	2
Күзетші (әрбір ғимаратқа)	3	3	3	3	3
Вахтер (әрбір ғимаратқа)	1	1	1	1	2
Жүк тасушы	1	1	1	1	1

Ескертпелер:

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында штат бірліктерін айқындау кезінде оқу жылының 1 қаңтарындағы білім алушылардың тізімдік құрамы бойынша саны негізге алынады.

2. Оқу процесіне электронды оқыту жүйесін енгізу кезінде немесе ақпараттық жүйені қолдану салалары бойынша мамандар даярлау кезінде білім алушылар санына қарамастан директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді.

3. Белгіленген және жоғары біліктілік деңгейіндегі кадрлар даярлауды қарастыратын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар санына қарамастан директордың кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді.

4. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында техникалық, технологиялық, ауылшаруашылық мамандықтары бойынша 12-15 білім алушыдан тұратын өндірістік оқу тобына бір штат бірлігі, ал күрделі жабдықтарға қызмет көрсетуге, қауіпті және күрделі жұмыстар орындауға

байланысты кәсіптер бойынша 8-10 білім алушыдан тұратын топқа өндірістік оқыту шебері лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында 500 немесе одан да көп әскери міндеттілер және әскерге шақыру жасындағы білім алушылар болған жағдайда, кадр және арнайы жұмыс жөніндегі инспектор лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында бір немесе бірнеше мамандықтар бойынша кемінде 150 білім алушы бар болса, ал кәсіп немесе мамандық бейінінің ерекшелігіне байланысты кемінде 120 білім алушы болса, мамандықтар тобы бойынша бөлімше меңгерушісі лауазымының штат бірліктері қосымша белгіленеді.

7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін мемлекеттік сатып алу бойынша менеджер лауазымының штат бірлігі енгізіледі.

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік бірлестік болған кезде директордың оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, әдіскер, техник-бағдарламашы, аудармашының штат бірліктері қосымша белгіленеді.

9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында жатақхана бойынша тәрбиеші лауазымының штат бірлігі жатақханада тұратын әрбір 75 білім алушыға және әрбір 25 жетім балаға қосымша енгізіледі.

10. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында 20 және одан да көп жұмыс істеп тұрған жабдықтар (станоктар, машиналар, автомобильдер, тракторлар және ауылшаруашылық машиналары) болған кезде механиктің штат бірлігі белгіленеді.

11. Бірқатар пәндер шет тілінде оқытылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында шет тілі бойынша әдіскер лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді.

12. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында бағдарламалар әкімшілерімен келісу бойынша еңбекақы төлеу қорының шегінде немесе көрсетілген ақылы қызметтерден түскен қаражат есебінен қажет болған жағдайда кәсіптердің (қызметшілер мен жұмысшылардың) мынадай штат бірліктері қосымша белгіленеді: аға оқытушы, экономист, әлеуметтік педагог, ұйымдастырушы педагог, консультант-зангер, мұрағатшы, оқу бөлімінің меңгерушісі, әдістемелік кабинеттің меңгерушісі, қойма меңгерушісі, медициналық пункттің меңгерушісі, асхана меңгерушісі, сүйемелдеуші, көркемдік жетекші, костюмер, суретші, киномеханик, үрмелі аспаптардың күйін

келтіруші, дене шынықтыру және бұқаралық жұмыстар жөніндегі нұсқаушы, қосымша білім беру педагогы, музыкалық жетекші, жастар істері жөніндегі инспектор.

13. Эксперимент режимінде бірнеше тілде қатар оқытатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар саны 281-ден көп болғанда, директордың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары лауазымдарының штат бірліктері әр оқыту тілінің түріне жеке белгіленеді.

14. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

4-тарау. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

Ескерту. 4-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 29.05.2024 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.12.2024 № 356 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдардың атауы	Тәрбиеленушілер топтарына қарай штаттық бірліктер саны			
	8-ге дейін	9-14	15-30	31 және одан көбі
Директор	1	1	1	1
Директордың оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	1	-	-	-
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	-	1	1	1
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	-	1	1	1
Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1	1
Педагог-психолог	1	1	1,5	2
Аға вожатый	1	1	1	1
Дәрігер	1	1	1	1
Тәулік бойы кезекшілік ететін медбике	4	4	4	4
Кіші медициналық персонал	0,5	0,5	0,5	1
Бас бухгалтер	1	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1	1

Іс қағаздарын жүргізуші (хатшы)	1	1	1	1
Кітапхана меңгерушісі	-	1	1	1
Кітапханашы	0,5	-	-	1
Қоймашы	1	1	1	1
Кастелянша	1	1	1	1
Экспедитор	1	1	1	1
Бас аспаз	-	1	1	1
Аспаз	2	2	2	3
Асхана жұмысшысы	1	1	2	3
Кір жуу машиналарының операторы	1	2	3	3
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	1	2	2
Күзетші	3	3	3	3
Вахтер, әр ғимаратқа	1	1	1	1
Жүк тасушы	1	1	1	2

Ескертпелер:

1. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдерге арнаулы білім беру ұйымдарында тәрбиешілердің саны тәрбиеленушілердің әр тобына 2 штат бірлігі есебінен белгіленеді.

2. Сыныптар және тәрбиелеу топтарының толықтырылуы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

3. Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ жексенбі және мереке күндері осы ұйымда қалатын балалар бар арнаулы білім беру ұйымдарында қосымша мынадай лауазымдар:

осындай әрбір 25 балаға бірақ әр ұйымға 0,25 бірліктен кем болмайтын тәрбиеші лауазымының 0,25 штат бірлігі;

ұйымда кемінде осындай 25 бала болған кезде аспаз лауазымының 0,5 штат бірлігі белгіленеді.

4. Жүріп-тұру мүшелері, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарында 12-15 – балаға бір штат бірлігі есебінен, кемтарлығы күрделі балаларға балалар саны 6-дан аспайтын топтарға бір штат

бірлігі есебінен логопед мұғалім және дефектолог мұғалім лауазымдары белгіленеді

5. Бір немесе бірнеше мектепке дейінгі топтары бар арнайы білім беру ұйымдарында әрбір топқа мынадай лауазымдар:

тәрбиеші - екі штат бірлігі;

есту қабілеті бұзылған балаларға арналған топтарда сурдопедагог, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған топтарда тифлопедагог, зияты зақымдалған балаларға арналған топтарда олигофренопедагог (дефектолог-мұғалімі, дефектолог) - бір штат бірлігі белгіленеді.

6. Көру қабілеті бұзылған, жүріп-тұру мүшелері бұзылған балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарының мектепке дейінгі топтарында тәрбиеші көмекшісінің екі штат бірлігі, сөйлеу қабілеті өте нашар әрбір 10 балаға немесе фонетикалық сөйлеу қатары бұзылған әрбір 12 балаға логопед мұғалімнің бір штат бірлігі белгіленеді. Егер мектепке дейінгі топтардың жатын бөлмелері қатар орналасса, әрбір екі топқа 2,5 штат бірлігі есебінен тәрбиешінің көмекшісі, 0,5 штат бірлігі есебінен кір жуу машинисі лауазымдары белгіленеді.

7. Арнаулы білім беру ұйымдарында екі немесе одан да көп мектепке дейінгі топтар болған кезде аспаз және қосалқы жұмысшы лауазымдарының 0,5 штат бірліктері қосымша белгіленеді.

8. Көру қабілеті бұзылған балаларға, жүріп-тұру мүшелері бұзылған балаларға арналған төрттен тоғызға дейін топтары бар арнаулы білім беру ұйымдарында қосалқы жұмысшы лауазымының бір штат бірлігі, ал тоғыз және одан да көп топтар болған кезде қосалқы жұмысшы лауазымының екі штат бірлігі қосымша белгіленеді.

9. Жүріп-тұру мүшелері бұзылған балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарында: тәрбиеленушілерінің саны 100 дейін осы ұйымдарда ортопедиялық аппараттарды жөндеу жөніндегі техник лауазымының 0,5 штат бірлігі және тәрбиеленушілер саны 100 астам болса, 1 штат бірлігі белгіленеді.

10. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарында оқушылар бедерлі қаріптермен жазылған оқулықтар мен оқу әдебиетін пайдаланатын 4-5 топ болса, кітапханашы лауазымының 0,5 штат бірлігі белгіленеді.

11. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарында 3-8 сынып болған кезде – дыбысты күшейту аппаратына қызмет көрсету жөніндегі техник лауазымының бір штат бірлігі, осындай 9-16 сынып болса – 1,5 штат бірлігі белгіленеді. Сыныптардың қатарында дыбысты күшейту аппаратурасы орнатылған мектепке дейінгі топтар да есепке алынады.

12. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарында есту кабинетінің дефектолог мұғалімі лауазымының бір штат бірлігі белгіленеді.

13. Арнаулы білім беру ұйымдарында тәрбиешінің көмекшісі лауазымы әрбір жатын корпусына екі штат бірлігі есебінен белгіленеді, жатын корпусына 100 астам тәрбиеленуші орналастырылған кезде жатын корпусының әрбір қабатына екі штат бірлігі енгізіледі.

14. Арнаулы білім беру ұйымында жатын корпусынан тыс орналасқан изолятор болған кезде тәрбиешінің көмекшісі лауазымының екі штат бірлігі қосымша белгіленеді.

15. Топ саны 15-ке дейінгі арнаулы білім беру ұйымдарында жуылатын бұйымдардың бір бөлігі кір жуатын орындарға тапсырылатын жағдайда кір жуу машиналары операторы лауазымының бір штат бірлігі, ал 15 топ және одан астам болса, лауазымның екі штат бірлігі белгіленеді.

16. Жүріп-тұру мүшелері бұзылған балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарында әрбір топқа массаж жасаушы мейіргер лауазымының 0,5 штат бірлігі белгіленеді.

17. 150-ден астам балалар контингенті бар арнайы білім беру ұйымдарында балалардағы бұзушылық түріне байланысты бейіні бойынша дәрігер лауазымының бір штат бірлігі қосымша енгізіледі.

18. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдерге арналған арнаулы ұйымдардың бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

5-тарау. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар қызметкерлерінің үлгі штаттары

Ескерту. 5-тарауға өзгеріс енгізілді – ҚР Оқу-ағарту министрінің 11.12.2024 № 356 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдардың атауы	Тәрбиеленушілер топтарының санына қарай штат бірліктерінің саны		
	5 топқа дейін	5-9 топтар	10 және одан да көп
Директор	1	1	1
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	0,5	1	1
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	0,5	1	1
Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1
Әдіскер	0,5	1	1

Педагог-психолог	1	1	1
Әлеуметтік педагог	1	1	1
Бас бухгалтер	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1
Кадрлар мәселелері жөніндегі инспектор	-	0,5	1
Хатшы	1	1	1
Дәрігер-педиатр	1	1	1
Тәулік бойы кезекшілік ететін медбике	4	4	4
Кіші медициналық персонал	0,5	0,5	1
Кітапхана меңгерушісі	-	-	1
Кітапханашы	1	1	-
Қоймашы	1	1	1
Кастелянша	1	1	1
Киім-кешек пен іш киімді жөндейтін тігінші	1	1	1
Экспедитор	0,5	1	1
Бас аспаз	1	1	1
Аспаз	2	4	4
Асхана жұмысшысы	3	3	3
Ыдыс жуушы	1	2	3
Кір жуу машиналарының операторы	1	2	3
Аяқ киімші	1	1	1
Шаштараз	1	1	1
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	2	2
Күзетші	3	3	3
Жүк тасушы	1	1	1
Вахтер, әр ғимаратқа	1	1	1

Ескертпелер:

1. Балалық шақ үйлерінде қосымша невропатолог дәрігері, физиокабинет медбикесі, патронаждық бикесі, емдәмбикесі, аға медбике, емдік дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы, массаж жасаушы, сондай-ақ қажет болған жағдайда медбике лауазымының штат бірліктері қосымша енгізіледі.

2. Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тіс дәрігері, физиотерапия жөніндегі медбике және емдік дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы лауазымдары 150-ге дейін тәрбиеленушілер болған жағдайда 0,5 штат бірлігі және 150 және одан астам тәрбиеленуші болған жағдайда 1 штат бірлігі есебінен белгіленеді.

3. Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиешілер лауазымдары штат бірліктерінің саны (мектепке дейінгі жастағы балалар топтарында тәрбиешілердің көмекшілері лауазымдарының штат бірліктері қосымша белгіленеді) тәрбиеленушілердің әрбір тобына (отбасына) тәрбиешілердің түнгі уақыттағы кезекшілігін, демалыс, мереке кезеңіндегі ауыстыруды, сондай-ақ апталық жүктемені және ұйымдағы жұмыс режимін ескере отырып белгіленеді.

4. Аталған ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балалар болған кезде арнайы педагог лауазымының штат бірлігі:

сурдопедагог - есту қабілеті бұзылған,

логопед - сөйлеу қабілеті бұзылған,

тифлопедагог көру қабілеті бұзылған,

олигофренопедагог (дефектолог-мұғалімі, дефектолог) зияты зақымдалған балалардың әрбір тобына белгіленеді.

5. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда үйірмелік, еңбек, спорт және емдеу іс-шаралары өткізілуіне қарай музыка жетекшісі, қосымша білім беру педагогы, сондай-ақ дене шынықтыру мен еңбекке баулу жөніндегі нұсқаушы лауазымдарының штат бірліктері белгіленеді.

6. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда жер учаскесі мен қосалқы шаруашылығы болған кезде бейін бойынша мамандардың штат бірліктері (агроном, зоотехник тағы басқалар) қосымша енгізіледі.

7. Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың жанында жалпы білім беретін мектеп, балалар үйінен шеткері орналасқан өзінің демалыс аймағы болған жағдайда қосымша штат бірліктері тиісті білім беру ұйымдарының үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

8. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда штат санының лимиті шеңберінде ұйым басшылары қажет болған жағдайда лауазымдардың штат бірліктерін ауыстыруды жүзеге асыра алады.

6-тарау. Қосымша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

Ескерту. 6-тарау жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2026 № 72-НҚ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Кәсіптік білім берудің қалыптасуына қажетті қызметтерін ұсынылатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары:

Балалар-жасөспірімдер спорттық мектептері, олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептері

Лауазымдардың атауы	Топ санына қарай штат бірліктерінің саны		
	35-тен көп болса	26-дан 35-ке дейін болса	25-ке дейін болса
Директор	1	1	1
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1
Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	1		
Шаруашылық меңгерушісі	-	1	1
Дәрігер	1	1	1
Хатшы (іс қағаздарды жүргізуші)	1	1	0,5
Бухгалтер	1	0,5	0,5
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы	2	1,5	1
Жабдықтар жөніндегі техник	1	1	1
Күзетші	3	3	3
Вахтер, әр ғимаратқа	1	1	1

Ескертпелер:

1. Әдістемеші-нұсқаушы лауазымы штат бірліктерінің саны спорт түрлері бойынша бөлімшелерінің санына қарай белгіленеді.

2. Оқу-жаттығу процесіне қызмет көрсету, спорттық мүкәммал мен жабдықтарды жөндеу жөнінде қызмет көрсететін механик лауазымының штат бірліктері спорт құрылыстарының санаттары мен спорт түрлері ескеріле отырып белгіленеді.

3. Балалар-жасөспірімдер спорттық мектептері, олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептері қызметкерлерінің үлгі штаттары топтар саны 35-тен асатын штат бірліктеріне сәйкес белгіленеді.

Балалар өнер мектебі (балалар музыка мектептері, балалар көркемөнер мектептері, балалар өнер мектептері, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептер)

Лауазымдардың атауы	Оқушылар санына қарай штат бірліктерінің саны				
	50-ге дейін	51-100	101-250	251-500	500-ден аса
Директор	-	1	1	1	1
Директордың оқу жұмысы жөніндегі	-	-	1	1	1

орынбасары					
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	-	-	1	1	1
Бас бухгалтер	-	1	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1	1	1
Кітапханашы	0,5	0,5	1	1	1
Музыкалық аспаптардың құлақ күйін жөндеуші	25 клавиштік аспапқа бір штат бірлігі				
Хатшы (іс қағаздарды жүргізуші)	1	1	1	1	1
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы	1,5	1,5	2	2	2
Күзетші	3	3	3	3	3
Вахтер, әр ғимаратқа	1	1	1	1	1

Ескертпелер:

1. Оқушылардың саны 50-ге дейінгі Балалар өнер мектептерінде (балалар музыка мектептерінде, балалар көркемсурет мектептерінде, балалар өнер мектептерінде, көркемдік-эстетикалық бағыттағы мектептерде) (бұдан әрі - Өнер мектептері) директор лауазымының штат бірлігі белгіленбейді. Мектепке басшылық жасағаны үшін педагогтердің біреуіне оның лауазымды қоса атқарғаны үшін немесе лауазымдық міндеттерінің кеңейгені үшін лауазымдық жалақысы арттырылады.

2. Өнер мектептерінің филиалдары болған кезде оқушылар саны 50-ден 200-ге дейін болса 0,5 штат бірлігі бар филиал меңгерушісінің лауазымы, ал саны 200 оқушыдан асса - 1 штат бірлігі белгіленеді. Оқушылар саны 50-ге дейін филиалдарда филиал меңгерушісінің лауазымы белгіленбейді.

3. Өнер мектептерінде өнердің бірнеше түрімен (музыкалық, көркемөнер, хореографиялық) қатар жұмыс істейтін осы ұйымдарда бейіні бойынша директордың орынбасары лауазымының штат бірлігі оқытудың әр түрі бойынша жеке белгіленуі мүмкін.

4. Өнер мектептерінде костюмер лауазымының штат бірлігі хор, хореография, театр немесе драма ұжымдары болған кезде енгізіледі.

Оқушылар сарайлары (үйлері, орталықтары, кешендері, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары), балалар аула клубтары, балалар әскери-патриоттық клубы (клубтық демалыс ұйымдары), балалар

қызығушылығы мен жұмыстарының бағыттары бойынша ұйымдар, мектепке дейінгі дамыту кешендері (орталықтар, академиялар)

Лауазымдардың атауы	Штаттық бірліктерінің саны
Директор	1
Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	1
Шаруашылық меңгерушісі	1
Бұқаралық бөлімінің меңгерушісі	1
Әдістемелік бөлімінің меңгерушісі	1
Педагог-психолог	1
Бухгалтер	1
Хатшы	1
Безендіруші-суретші	1
Музыкалық аспаптардың құлақ күйін келтіруші - 25 клавиштік аспапқа 1 лауазым	
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1
Күзетші	3
Вахтер, әр ғимаратқа	1

Ескертпелер:

1. Оқушылар сарайларында (үйлерінде, орталықтарында, кешендерінде, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталықтарында), балалар аула клубтарында, балалар әскери-патриоттық клубтарында (клубтық демалыс ұйымдарында), балалардың қызмет бағыттары мен қызығушылықтары бойынша ұйымдарда, мектепке дейінгі дамыту кешендерінде (орталықтарында, академияларында) (бұдан әрі – Ұйымдар) қатысушылар саны кемінде 90 адам болған жағдайда ансамбльдің көркемдік жетекшісі, балетмейстер, хормейстер лауазымдарының штат бірліктері белгіленеді.

2. Осы ұйымдарда оркестрдің дирижері лауазымының штат бірлігі оркестрде кемінде 50 адам болған кезде белгіленеді.

3. Осы ұйымдарда хор, хореография, театр немесе драма ұжымы болған жағдайда костюмер лауазымының штат бірлігі енгізіледі.

4. Осы ұйымдарда кемінде 3 мың дана кітап қоры болған кезде кітапханашы лауазымының штат бірлігі енгізіледі.

5. Осы ұйымдарда киноқондырғысы және кемінде 250 орындық көрермен залы, жабдықталған сахнасы болған кезде киномеханик лауазымының 0,5 штат бірлігі, жарық түсіруші мен сахна машинисі 0,5 штат бірліктен белгіленеді.

Жас натуралистер станциялары (балалар экологиялық орталықтары, биологиялық орталықтар, экобиоорталықтар), жас техниктер станциялары (орталықтар, жасөспірімдер мен балалар шығармашылық техникалық мектептері)

Лауазымдардың атауы	Штаттық бірліктерінің саны
Директор	1
Директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары	1
Қойма (шаруашылық) меңгерушісі	1
Бөлім меңгерушілері (бір бейіндегі 10 үйірме болған жағдайда - 1 штат бірлігі)	
Бухгалтер	1
Хатшы (іс қағаздарын жүргізуші)	1
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1
Күзетші	3
Вахтер, әр ғимаратқа	1

Ескертпелер:

1. Жас натуралистер станциялары (балалар экологиялық орталықтары, биологиялық орталықтар, экобиоорталықтар), жас техниктер станциялары (орталықтар, жасөспірімдер мен балалар шығармашылық техникалық мектептері) (бұдан әрі - Ұйымдар) жалақы қоры бағдарламалар әкімшілері бекітетін бюджеттік қаржы шегінде, қосымша білім беру педагогтарды, ұйымдастырушы педагогтарды, әдіскерлерді жұмысқа тарта алады.

2. Ұйымдарда сорғы стансасы болған кезде сорғы техникасына қызмет көрсету техникі лауазымының штат бірлігі енгізіледі.

3. Ұйымдарда бір немесе бірнеше шеберхана болған кезде шебер лауазымының штат бірлігі енгізіледі.

Жас туристер станциялары (балалар-жасөспірімдер туризм орталықтары)

Лауазымдардың атауы	Ауысымдағы оқушылардың санына қарай штаттық бірліктер		
	150-ге дейін	150-ден 250-ге	250-ден аса
Директор	1	1	1
Аға тәрбиеші	1	1	1
Шаруашылық меңгерушісі	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1
Дәрігер	-	1	1
Медбике	1	1	1
Сүйемелдеуші	1	1	1
Бас аспаз	1	1	1
Аспаз	1	2	2
Ас үй жұмысшысы	1	1	2
Кір жуатын машиналардың операторы	1	2	2
Күзетші	3	3	3

Ескертпелер:

1. Санаттық және санаттан тыс туристік саяхаттар өткізген кезде топқа жетекші және жетекші орынбасары (бір, екі, үш күндік жорықтарда – топ

жетекшісінің орынбасары) лауазымдарының штат бірліктері 15 адамнан тұратын топқа, ал туризмнің техникалық күрделі түрлерінен саяхаттар өткізген кезде (велосипедпен, суда, тауда, шаңғымен және тағы басқалар) 12 адамнан тұратын топқа белгіленеді.

2. Қатысушылар экскурсиялық туристік базаларда қабылданатын экскурсиялық сапарлар өткізу кезінде 15-25 адамнан тұратын топқа жетекші және жетекші орынбасары лауазымдарының штат бірліктері белгіленеді.

3. Жас туристер станциялары (балалар-жасөспірімдер туризм орталықтары) (бұдан әрі - Жас туристер станциялары) 35-40 баладан тұратын топтарға тәрбиеші және вожатый лауазымдары бір штат бірліктен (ал жоғары сыныптар оқушыларына арналған лагерлерде тәрбиеші лауазымы екі штат бірлігі) белгіленеді.

4. Жас туристер станцияларында туризм жөніндегі нұсқаушы-әдіскер лауазымы әрбір 45 адамға бір штат бірлігі есебінен және 15-20 адамнан тұратын топқа тәрбиеші лауазымы бір штат бірлігі есебінен белгіленеді.

2. Кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары:

Жыл бойы немесе маусымдық қолданыстағы балалардың білім беру (оқу)-сауықтыру орталықтарда (кешендер)

Лауазымдардың атауы	Ауысымдағы балалар санына қарай штаттық бірліктер			
	160-қа дейін	161-ден 280-ге	281-ден 400-ге	400-ден аса
Директор	1	1	1	1
Аға вожатый	1	1	1	1
Шаруашылық меңгерушісі	1	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1	1
Дәрігер	1	1	1	1
Медбике	1	1	2	2
Дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы	1	1	1	1
Сүйемелдеуші	1	1	1	1
Бас аспаз	1	1	1	1
Аспаз	3	3	4	4
Ас үй жұмысшысы	2	3	4	5
Ыдыс жуушы	1	1	1	1
Қоймашы	-	1	1	1
Канстелянша	1	1	1	1
Кір жуатын машиналардың операторы	1	1,5	2	2
Күзетші	3	3	3	3

Ескертпелер:

1. Жыл бойы немесе маусымдық қолданыстағы балалардың білім беру (оқу)-сауықтыру орталықтарда (кешендер) (бұдан әрі - Ұйымдар) қажет болған жағдайда оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары және тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары лауазымдарының штат бірліктері қосымша белгіленеді.

2. Ұйымдарда тәрбиеші лауазымдары әрбір 35 адамға бір штат бірлігі есебінен белгіленеді.

3. Ұйымдарда су айдыны болған жағдайда (жүзуден мамандандырылған спорт лагерлерін қоспағанда) жүзуден нұсқаушы-әдіскер лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

7-тарау. Білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асыратын және мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін арнайы білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

Ескерту. 7-тарау жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 11.12.2024 № 356 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар

Лауазымдардың атауы	Штат бірліктерінің саны
Басшы	1
Әдіскер	1
Психиатр-дәрігер	0,5
Невропатолог-дәрігер	0,5
Сурдолог-дәрігер	0,25
Офтальмолог-дәрігер	0,25
Педагог-психолог	1
Логопед-мұғалімі	1
Дефектолог-мұғалімі (дефектолог, олигофренопедагог)	1
Сурдопедагог	1
Тифлопедагог	1
Әлеуметтік педагог	0,5
Тіркеуші	1
Статистик	1
Бухгалтер	1

Ескертпе:

Басқа мамандар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жұмысқа 0,5 ставка немесе еңбекке сағаттық ақы төлеу шартымен тартылады.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік

және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

Оңалту орталықтары

Лауазымдардың атауы	Штат бірліктерінің саны
Басшы	1
Психиатр-дәрігер	0,5
Невропатолог-дәрігер	0,5
Сурдолог-дәрігер	0,5
Офтальмолог-дәрігер	0,5
Реабилитолог-дәрігер	1
Педагог-психолог	1
Логопед-мұғалімі	1
Дефектолог-мұғалімі (дефектолог, олигофренопедагог)	1
Сурдопедагог	0,5
Тифлопедагог	0,5
Әлеуметтік педагог	0,5
Медбике	1
Әдіскер	0,5
Емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы және / немесе дене шынықтыру (бейімдеу) мұғалімі	1
Бухгалтер	1

Ескертпе:

Басқа мамандар оңалту орталықтарына жұмысқа 0,5 ставка немесе еңбекке сағаттық ақы төлеу шартымен тартылады.

Оңалту орталықтарының бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері

Лауазымдардың атауы	Штат бірліктерінің саны
Басшы	1
Әдіскер	1
Әлеуметтік педагог	0,5
Дене шынықтыру (бейімдеу) мұғалімі	1
Медбике	1
Педагог-психолог	1
Логопед-мұғалімі	1
Дефектолог-мұғалімі (дефектолог, олигофренопедагог)	1
Сурдопедагог	1
Тифлопедагог	1

Тәрбиеші	1
Музыкалық жетекші	0,5
Бухгалтер	1

Ескертпе:

Басқа мамандар психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттеріне жұмысқа 0,5 ставка немесе еңбекке сағаттық ақы төлеу шартымен тартылады.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

Аутизмі (аутистикалық спектрдегі бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталықтары

Лауазымдардың атауы	Штат бірліктерінің саны
Басшы	1
Әдіскер	1
Дефектолог-мұғалімі (дефектолог, олигофренопедагог)	1
Педагог-психолог	1
Логопед-мұғалімі	1
Дене шынықтыру (бейімдеу) мұғалімі	1
Әлеуметтік педагог	1
Тіркеуші	1
Музыкалық жетекші	1
Тәрбиеші	
Медбике	1
Бухгалтер	1

Ескертпе:

Басқа мамандар аутизмі (аутистикалық спектрдегі бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталықтарына жұмысқа 0,5 ставка немесе еңбекке сағаттық ақы төлеу шартымен тартылады.

Аутизмі (аутистикалық спектрдегі бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталықтарының бірінші басшылары штат санының бекітілген лимиті шеңберінде басқарушы, әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін қаржы жылы ішінде бір реттен асырмай өзгертеді.

8-тарау. Білім беру ұйымдарына (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда) ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

Ескерту. 8-тарауға өзгеріс енгізілді – ҚР Оқу-ағарту министрінің 11.12.2024 № 356 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мемлекеттік емес тілде оқытылатын білім беру ұйымдарында қазақ тілінің аудармашысы лауазымының штат бірлігі қосымша енгізіледі.

2. Білім беру ұйымдарында арнайы жабдықталған кабинеттер, шеберханалар, зертханалар, оқу-зертханалық жабдықтар, оқу-есептеу техникасының кабинеттері, аудио-бейне, лингвистикалық кабинеттер, байланыс құралдары және басқа да күрделі аппаратуралар болған жағдайда Жабдықтау жөніндегі инженердің, бағдарламалық қамтамасыз ету жөніндегі маманның және зертханашы лауазымдарының штат бірліктері белгіленеді.

3. Киім ілуші лауазымының штат бірлігі, жабдықталған киім ілгіш болған жағдайда, жұмыс маусымына белгіленеді. Оқушыларға сабақ беру екінші, үшінші ауысымдарда өткізілетін білім беру ұйымдарында және ұзартылған күн топтары болған жағдайда әр киім ілгішке 0,5 штат бірлігі есебінен киім ілуші лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді.

4. От жағушылар мен машинистердің лауазымы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесіне берілмеген ұйымдарда:

орталықтандырылған жылу болған жағдайда әр қазандыққа ауысымына от жағушы лауазымының 1 штат бірлігі, ал сыртқы жылытқышы 75 шаршы метрден асатын қатты отынмен (шымтезекпен, көмірмен) жылытылатын қазандықтарда әр ауысымға от жағушы лауазымының 2 штат бірлігі енгізіледі;

газбен жылытылған кезде ауысымға 1 машинист, ал қауіпсіздік автоматикасы жоқ қазандықтарда ауысымына 2 машинист лауазымының штат бірлігі енгізіледі;

орталықтандырылған жылумен (ЖЭО) қамтамасыз етілетін, жылу пункті немесе элеваторы бар мекемелерде - ғимараттар мен құрылыстарға қызмет көрсететін және жөндеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшы лауазымының 1 штат бірлігі, ал бойлері, сорғылары болған жағдайда ауысымға осындай бір жұмысшы лауазымының штат бірлігі енгізіледі;

пешпен жылытылатын болған жағдайда әрбір 5 пешке от жағушы лауазымының 1 штат бірлігі, бірақ әрбір білім беру ұйымдарына кемінде бір бірліктен белгіленеді.

Осы тармақта көзделген от жағушылар немесе машинистер лауазымдары жылыту маусымына белгіленеді. Көрсетілген қызметтердің жалпы санынан от жағушы немесе машинист лауазымы бір штат бірлігі жыл бойына белгіленеді.

5. Қызмет үй-жайларын тазалаушы лауазымы 250 шаршы метр жиналу алаңына 0,5 штат бірлігі есебінен, бірақ әрбір білім беру ұйымында кемінде бір бірліктен белгіленеді.

Оқушылар сабағы екінші, үшінші ауысымда өткізілетін, сондай-ақ ұзартылған күн бойынша оқытылатын топтары бар білім беру ұйымдарында мынадай есептен қызмет үй-жайларын тазалаушы лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді: 2 және 3 ауысымда жұмыс істейтін мектептерде әрбір 250 шаршы метр жиналатын алаңына 0,5 бірлік лауазым, ұзартылған күнмен жұмыс істейтін мектептерде ұзартылған күн топтары пайдаланатын алаңының әрбір 250 шаршы метр жиналатын алаңына 0,5 бірлік лауазым белгіленеді.

6. Білім беру ұйымдарында тиісті еден (паркет және тағы басқалар) жабындылары төселген жағдайда еден сұртуші лауазымының штат бірлігі енгізіледі.

7. Аула сыпырушы лауазымының штат бірліктері сыпырылатын учаске алаңына қарай белгіленеді. Шағын жинақталған білім беру ұйымдарында аула сыпырушы лауазымының штат бірлігі сыпыру учаскесінің алаңына қарамастан ұйымға бір штат бірлігі есебінен белгіленеді.

8. Жеміс бау-бақшасы бар немесе 1,5 гектардан кем емес сәндік екпелер отырғызылған жер телімдері бар білім беру ұйымдарында аула сыпырушының орнына бағбан лауазымының штат бірлігі енгізілуі мүмкін.

9. Білім беру ұйымдарында автомобиль көлігі, мотокөлік құралы немесе мал көлігі болған жағдайда көліктің әрбір түріне жүргізуші лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

10. Білім беру ұйымдарында әрбір 500 жарықтандыру және электрлік нүктелерге электромонтер лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

11. Слесарь-сантехник және балташы лауазымдарының штат бірліктері білім беру ұйымдарының бөлек тұрған әрбір ғимараттарына енгізіледі.

12. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдарда ұйымдардың үлгісіне қарай және үлгі оқу жоспарына сәйкес бастауыш әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушысы лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

13. Білім беру ұйымдарында қосалқы шаруашылық, егістік алаңы болған кезде директордың өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары лауазымының штат бірлігі қосымша енгізіледі.

14. Ұзартылған күнмен білім беру ұйымдарында қосымша мынадай лауазымдық штат бірліктері белгіленеді:

медициналық бике;

қоймашы, аспаз, көмекші жұмысшы лауазымдары тамақ тікелей білім беру ұйымында даярланған жағдайда ғана енгізіледі;

сыныптардың саны тоғыздан асқан жағдайда білім беру ұйымында аспаз лауазымының 2 штат бірлігі енгізіледі;

тәрбиеші лауазымы ұзартылған күн тобына бір штат бірлігі есебінен белгіленеді.

15. Жабдықталған оқу шеберханалары бар білім беру ұйымдарында шеберхана меңгерушісі мен шебер лауазымының штат бірліктері белгіленеді.

16. Білім беру ұйымдарында зертханашы лауазымының штат бірлігі әрбір кабинетке мынадай есептен: 9-18 сынып-жинақтаушы санына лауазымның 1 штат бірлігі, 19-28 сынып болса 1,5 лауазым бірлігі, 29-39 болса 2 лауазым, 40 және одан көп болса 2,5 лауазым белгіленеді.

Компьютер сыныптары мен басқа да арнайы жабдықталған кабинеттер болған жағдайда әрбір кабинетке зертханашы лауазымының 0,5 штат бірлігі қосымша белгіленеді.

17. Оқушыларға көлік құралдарын жүргізуді, ауыл шаруашылығы машиналарымен жұмыс істеуді, жазу машинасымен және басқа да ұйымдастыру техникасымен жұмыс істеуді үйрететін білім беру ұйымдарында өндірістік оқыту шебері лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

18. Білім беру ұйымдарында жүзу бассейні болған кезде жүзуге үйрету жөніндегі сабақтар өткізілетін әрбір 2 топқа лауазымның 0,25 штат бірлігі есебінен жүзуді үйрету жөніндегі нұсқаушы лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді.

Хлорлау қондырғысы болған жағдайда 4-тен 8-ге дейінгі топтарға лауазымның 0,5 штат бірлігі, ал 9 және одан көп топтарға 1 штат бірлігі есебінен хлорлау операторы лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

19. Бірқатар пәндер шет тілде оқытылатын білім беру ұйымдарында директордың шет тілі жөніндегі орынбасары лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді.

20. Мектепке дейінгі дайындық жөніндегі жұмыс ұйымдастырылған білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі балалар сыныбының тәрбиешісі лауазымының штат бірліктері белгіленеді.

21. Білім беру ұйымдарында спорт кешені болған жағдайда спорт кешенінің меңгерушісі, бассейн меңгерушісі, жүзу жөніндегі нұсқаушы, жүзу бассейнінің медбикесі, кіші медициналық персонал, киім ілуші, хлорлау қондырғысының операторы лауазымдарының штат бірліктері қосымша белгіленеді.

22. Білім беру ұйымдарында музыкалық аспаптар болған жағдайда музыкалық аспаптар қоймасының меңгерушісі лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді.

23. Әр түрлі тілдерде қатар оқытатын эксперимент режимімен жұмыс істейтін білім беру ұйымдарында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары лауазымдарының штат бірліктері әрбір тілді оқытуға жеке белгіленеді.

24. Құрамында сырттай оқитын жұмысшы жастар сыныптары немесе топтары бар жалпы білім беретін ұйымдарда жұмысшы жастардан жинақталған сыныптардың (топтардың) саны есепке алынып, осы ұйым қызметкерлерінің штат бірліктері белгіленеді.

Күндізгі және сырттай немесе тек қана сырттай оқу нысандары бар білім беру ұйымдарында қызмет көрсетуші персонал мен жұмысшылардың лауазымдарын белгілеген кезде осы мектептің үй-жайларында оқитын оқушылар саны есепке алынады, ал басшы және оқу-көмекші персоналы лауазымдарын белгілеген кезде басқа ұйымдар беретін үй-жайларда оқитын жекелеген сыныптар оқушыларының, сырттай оқитын оқушылар топтарының және оқу-консультациялық пункттерінің оқушылар саны ескеріледі.

25. 100 және одан да көп сырттай оқитын оқушысы және кемінде екі оқу-консультациялық пункті бар күндізгі және сырттай немесе тек қана сырттай оқыту нысанындағы білім беру ұйымдарында 0,5 штат бірлігі есебінен әдіскер, ал 200 немесе одан да көп сырттай оқитын оқушылары бар ұйымдарда әдіскер лауазымының 1 штат бірлігі белгіленеді. 100-ден 200-ге дейін сырттай оқитын оқушылары бар оқу-консультациялық пункттерде лауазымның 0,5 штат бірлігі есебінен әдіскер, ал 200-ден астам сырттай оқитын оқушылары болғанда - консультациялық пункттің меңгерушісі лауазымының 1 штат бірлігі белгіленеді.

26. Оқушылардың саны 2000-нан асатын білім беру ұйымдарында 1,5 штат бірлігі медбике және 1 штат бірлігі кіші медициналық персонал (санитар), оқушыларының саны 3000-нан асатын ұйымдарда 2 бірлік медбике және 1,5 штат бірлігі кіші медициналық персонал (санитар) лауазымдарының штат бірліктері белгіленеді.

27. Ұйымдарда тұратын балалар саны 100 және одан көп білім беру ұйымдарында емдәмбике лауазымының 1 штат бірлігі белгіленеді, балалар саны 450 және одан көп ұйымдарда көмекші жұмысшы лауазымының 3 штат бірлігі белгіленеді.

28. 150-ден астам оқушы жатақханада тұратын білім беру ұйымында кастелянша лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

29. Білім беру ұйымдарында қажет болған жағдайда балаларды (тәрбиеленушілерді, білім алушыларды) оқыту мен тәрбиелеу бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ өткізілетін үйірмелік, спорттық және емдеу іс-шараларына қарай лауазымдардың (директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, ұйымдастырушы педагог, педагог-кәсіби бағдар беруші, әлеуметтанушы-талдаушы, сүйемелдеуші, көркемдік жетекші, костюмер, суретші, киномеханик, сахна жұмысшысы, музыкалық аспаптардың күйін келтіруші, өндірістік оқыту шебері, дене шынықтыру және еңбекке баулу жөніндегі нұсқаушы, қосымша білім беру педагогі, музыкалық жетекші, мұрағатшы, экономист және басқалар) штат бірліктері қосымша белгіленеді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.04.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Білім беру ұйымдарында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары лауазымы сыныптар саны 40-49 болған кезде 2,5 штат бірлігі, 50-59 болса - 3 штат бірлігі, 60 және одан көп болса - 3,5 штат бірлігі белгіленеді.

31. Дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы лауазымының штат бірлігі білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі балалардың әрбір 2 тобына лауазымның 0,25 штат бірлігі есебінен балаларды сауықтыру және шынықтыру жөніндегі іс-шаралар талаптарына сәйкес белгіленеді.

32. Білім беру ұйымдарында балалар тобы 8-ден кем болмаған жағдайда қажеттілігіне қарай тігінші лауазымының 0,5 штат бірлігі белгіленеді.

33. Білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) сәйкес тамақтандыруды ұйымдастыруға қажетті жағдайлар болған кезде конкурс қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті берушілер болмаған жағдайда жергілікті бюджет есебінен ас әзірлейтін бөліктердің қызметкерлерін (аспазшылар, асхана қызметкерлері, қоймашы) енгізуге жол беріледі.

34. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында (арнайы топтардан/сыныптардан, арнайы бөбекжайлардан, арнайы балабақшалардан/мектептерден басқа) психологиялық-медициналық-

педагогикалық консультацияның ұсынымы бойынша педагог-ассистент лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

Педагог-ассистенттің штат бірлігін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымы бойынша білім беру ұйымдарындағы жеке көмекші лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

Білім беру ұйымдарындағы жеке көмекшінің штат бірлігін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады.